

егемен
Қазақстан

Мұстафа Шоқай және Тәуелсіздік



Биыл бүкіл түркі халықтарының бостандығы үшін күрескен, туғанына 125 жыл толатын, сонау 1942 жылы Еуропа төрінде, Германия жерінде қайтыс болған Мұстафа Шоқайдың арада жарты ғасыр уақыт өткеннен кейін туған елінде орнаған егемендікке еш қатысы жоқ сияқты көрінеді. Тіпті де олай емес. Өйткені ұлы күрескер өмірінің шынайы мұратын «Тәуелсіздік» ұғымынсыз толық түсіне алмаймыз.

Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік идеясы сол кездегі патшалық Ресейдің отарлық саясатынан туындады. Ойы сергек, ары таза жанның санасында ең алғаш өзі өсіп-өнген саяси-әлеуметтік ортада болған жайлар терең із қалдырды. Мәңгілік жолдасы болған Мария Шоқай «Менің Мұстафам» атты естелігінде бала Мұстафаның саяси түсінігіне елдегі орыс қоныс аударушыларының халықты басынған озбыр әрекеттері әсер еткенін атап көрсетеді. Патшаның жергілікті шенеуніктері Шоқай әулетінің екі рет кірпіштен салынған үйін ақысыз-пұлсыз иеленсе, ал егістігін тіпті тартып алған. Сонан соң Мұстафа Ташкенттегі гимназияны өте жақсы бітіргенде оған тиісті алтын медальды генерал Самсоновтың орыс баласына жаздыруы ұлы державалық шовинизмінің айқын көрінісі еді. Сондай-ақ сол кездегі қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, орыс және басқа түрлі ұлт өкілдері тұратын Орта Азия кіндігі, Түркістан аймағының бас қаласы – Ташкентке елден келген кісілердің түрлі өтініш-арыздарын шешуге қатыса отырып, жергілікті жұртшылық арасындағы әлеуметтік, құқықтық теңсіздікті көзімен көрді, жүрегімен сезді. Осындай отаршылдықтың өктемдігі мен әр деңгейдегі әділетсіздігі гимназистің бойындағы ұлтшылдықты күшейтіп,

осындай озбырлықты басынан өткізіп отырған қазақтан басқа туыстас түркі өкілдеріне деген сезімін арттыра түсті.

Болашақ саясаткердің өмірінде оның Петербургте оқыған, қызмет атқарған жылдары ерекше рөл атқарды. Ең алдымен ол терең білім алды, сонан соң орыс қауымындағы демократиялық үрдістерді бойына сіңірді. Оның әлеуметтік-саяси санасының өсе түсуіне және қоғамдық күрес сахнасына шығуына Ресейдің орталық аудандарында бірінші орыс революциясынан кейін құрылған саяси партиялар мен қозғалыстардың бағдарламалары, орыстың революциялық-демократиялық және либералистік зиялы қауымы игі әсер етеді.

Мұстафа Шоқай 1933 жылғы “Есімдегілерден... (Ресейдегі түрік студенттер өмірінен) атты мақаласында “Мен Ресейді реакция жайлаған, жоғары оқу орындары, әсіресе, университеттер тікелей полицияның бақылауына алынған 1910-1914 жылдары Петербург университетінде оқып жүрген болатынмын. Жағдайдың сондайлығына қарамастан, біз, студенттер, саяси бой көрсетулерге шығатынбыз. Үкіметке қарсы шешімдер қабылдап, көшелерде демонстрациялар жасайтынбыз” деп жазуы өзінің студенттер арасындағы саяси қозғалыстар ортасында болғандығын айғақтайды [1, 367]. Өзіндік ой-пікірдің көріністерін құрамында өзі де бар бір топ студенттердің 1913 жылдан шыға бастаған «Қазақ» газетіне жолдаған құттықтау хаттарынан да аңғаруға болады. Олар Орынборда шықпақшы болып жатқан "Қазақ" газетінің «қадамы қайырлы, бауы берік, өмір жасы ұзақ болып, мақсұтқа жетпегіне тілектестіктерін» білдіре отырып, қазақ жұрты үшін аса маңызды екі мәселені көтереді. Оның бірі – "Қазақ" газетін «бір жағадан бас шығарып, бір ауыздан сөз шығарып», «мұнды жұртымыздың мұңдасып, бірінің хал-жайын бірі біліп тұруына да жәрдемдесу». Екіншісі - «бір нәрсе жазғанда басқа әріп, фарсы, ноғай қарындастарымыздың (қандас, туыс деген мағынада – Ә.Б.) сөздерін; орысша оқығандарымыз орыс, яки басқа Еуропа жұртының тілдерін орынсыз көп кірістірмей, өзіміздің қазақтың нағыз қара тілімен жазу» [2, 15-16]. Осыларды оқи отырып, мемлекеттік мәртебеге ие болғанына ширек ғасырдан асса да, ана тіліміздің тәуелсіз еліміздің төріне шыға алмай отырғаны еріксіз ойландырады. Сондай-ақ Петерборда оқитын түркі халықтарының бір топ жастарының (ішінде Мұстафа Шоқай да бар – Ә.Б.) екінші бір топтың патшаға жағымды діни ұйым құрғандарына қарсы шығып, “«Сиратель-Мустахим» және Петроградтың оқушы жастары. «Сиратель-Мустахим» жақтаушыларының жаңа әрекеттері туралы» үндеу қабылдаулары, діннің тазалығын мәселе етіп көтереді. Бұл хаттардың мазмұны болашаққа бағдарлар болатын.

Петербургтегі кезеңнің Мұстафа Шоқай үшін тағы бір тағылымды жағы өз халқын азат ету басқа да түркі тектес езілген халықтарды патша өкіметінің отаршылық саясатына қарсы ұйыстырудың нәтижесінде ғана мүмкін екендігін түсіне бастауы болды. Осы таным оның бойында Әлихан Бөкейханның көмегімен Мемлекеттік Думаның Мұсылман Фракциясы хатшылығына орналасқаннан кейін күшейе түседі. Кейін азаттық үшін айқын күрес жолына түскенде ол Ресейдің езгісіндегі Түркістан өңірінен тыс түркі

халықтарын – Еділ, Қырым татарларын, Кавказ халықтарын, Орал башқұрттарын біріктіру қажет деп есептеп, ал шетелде жүргенде оның өзге аймақтардағы халықтардың отарлық езгіден құтылуын да армандауы жайдан-жай емес еді.

Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік санасын Петербургте оқып, қызмет жасап, осында келіп-кетіп жүрген отандастарыда жетілдіре түсті. Әсіресе, 1905 жылдан бастап қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын басқарған, Мемлекеттік Думаның мүшесі болған, қазақ ұлттық «Алаш» партиясының негізін қалаған, оның бағдарламасының авторларының бірі, кейін Алашорда Үкіметінің басшысы болған Әлихан Бөкейханның ерекше ықпалын айтпай кетуге болмайды. 1939 жылдары Мұстафа Шоқайдың «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді» - деген ғибратты ұстаз сөзін еске алуы тегіннен-тегін болмаса керек [1, 231]. Мұстафа Шоқайдың айтуынша, осы кеңестен кейін «мұғажыр мәселесін» бар ынтасымен зерттеген ұлттың болашақ зиялылары күндердің күнінде ұлтқа ең үрейлі қауіптің қайдан төнетінін ұғынған көрінеді.

Алаш жетекшілері 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революцияның нәтижесінде патшалық монархияның тақтан түсуін қызу қолдады. Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы және М.Шоқайлар қол қойған «Алаш ұлына» атты сүйінші хатта: «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұ күн теңелдік. Қам көңілде қаяу арман қалған жоқ. ... Россия қол астындағы халықтардың бәріне: дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай, азаттық әперді» деп жазған болатын [3, 297]. Алайда көп ұзамай-ақ Уақытша үкіметтің саяси әрекетіне баға бере отырып, Мұстафа Шоқай өзінің «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» деген туындысында: «Біз бұл тұста 1917 жылғы революция ұлттық мемлекет құруымызға мүмкіндік береді деп үміттеніп, сеніп едік. Бұл үмітіміз бен сеніміміз ақталмай, алданып қалдық» деп жазған тұғын [4, 14].

Сондықтан Ресейде қалыптасқан саяси жағдайды ескере отырып, Алаш жетекшілері бүкіл қазақ халқын біріктіру, оның мұқтаждарын анықтап, шешу үшін жалпы қазақ құрылтайын ұйымдастыру жұмыстарына кірісіп кетеді. Содан 1917 жылдың 21-26 шілде күндері Орынбор қаласында өткен Бірінші Бүкілқазақ съезі өтеді. Белгілі себептермен университетті мерзімінен кештеу болса да, ойдағыдай бітіріп, елге оралған Мұстафа Шоқай съезге қатысып, қазақтың тұңғыш «Алаш» ұлттық-демократиялық саяси партиясының құру туралы шешіміне дауыс береді. Содан Ташкентке келгенде саяси қозғалыстың қайнаған қазанына түседі де кетеді.

1917 жылы 22 қарашада Ташкентте өткен Түркістан кеңестерінің өлкелік съезі Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы кеңес өкіметінің отаршылдық сипатын бірден танытты. Съезде Түркістан Халық Комиссарлар кеңесінің (өлке өкіметінің) құрамына жергілікті халықтардың бірде-бір өкілі сайланбады. Большевиктердің өкімет басына келердегі “халықтардың өзін-өзі басқару туралы” уәдесі саналы түрде ұмыт қалдырылды. Бұл туралы

аймақтық «Бірлік туы» газеті былай деп жазды: «Түркістан аймағында 100-ге екеуден келетін 5 орыс, оның бәрі емес, оннан бірі-ақ келетін солдат пен жұмыскерлер мұсылманның бір адамын да ішіне алмай, үкіметті өздерінен ғана сайлап, мұсылмандарды адам санына алмай, азар-безер бастағаны өзгеріс, бостандық дегендерді естен шығарып, ескі заманнан да таршылық күндер тудырды» [5, 41].

Бұрыннан Түркістан автономиясын ойластырып жүрген Мұстафа Шоқай бастаған топ осы оқиғадан кейін, 1917 жылы 28 қарашада Қоқан қаласында өткен аймақ мұсылмандарының IV Төтенше съезінде Түркістан өлкесіндегі жергілікті халықтардың саяси тәуелсіздігін қамтамасыз етуді мұрат тұтқан, Түркістан аймағын Ресей демократиялық республикасымен бірлікте, жұрт өзін-өзі басқаруға, бөлек жасауға ерікті территориялық автономия етіп жариялайды. Бұл, шын мәнісінде, Түркістан халықтарының саяси, экономикалық және рухани дербестікке ұмтылысының көрінісі еді. Бірақ Мұстафа Шоқай автономияны жүзеге асырудың аса қиын екендігін, кадрдың жоқтығын, жалпы мүмкіндіктің жетімсіздігін, әскердің құрылмағанын және тағы басқа толып жатқан жетіспеушіліктердің барлығын съезде сөйлеген сөзінде жан-жақты айтады. Дегенмен сол кездегі баспасөз материалдарына қарағанда, съездің жұрттың шын көңілін, нақ тілегін тап басқаны анық байқалады. Автономия жарияланғаннан кейін іле-шала басылған Түркістан мұсылмандарының жалпы съезінің шешімдері туралы «Түркістан автономиясы» атты редакциялық мақалада: «Автономия иғлан (жарияланған – автор) болғаны Түркістан барша шаһарларын шаһар халқы һәм дала ұлы болып қуаныш қылып, манифестация жасап, Түркістан автономиясына һәм сиез сайлаған Уақытша үкіметіне ант ішіп, мойынұсынып жатыр» деп жазылды [6, 42].

Алайда 1918 жылғы 18–23 қаңтарда Ташкентте өткен Түркістан кеңестерінің IV съезі “Қоқан автономиясы үкіметін заңнан тыс деп жариялап, оның басшыларын тұтқындау және автономияны тарату” жөнінде қаулы қабылдады. Осыны жүзеге асыруды қолға алған большевиктер барлығы екі ай ғана өмір сүрген Қоқан автономиясын қанды қырғынға ұшыратты. Сөйтіп Мұстафа Шоқайдың өз отанында қалуы қауіпті болды. Кеңес өкіметінің саясатын бар жан-тәнімен жек көретін, ондай бітіспес жаумен келісе алмайтынына көзі әбден жеткеннен кейін ол эмиграцияға кетуге мәжбүр болады.

Мұстафа Шоқайға жат жердегі мұғажырлық (эмиграциялық-автор) өмірдің тауқыметін тарта отырып, ұлтының азаттығы үшін күресін бір сәт толастатқан емес. Айырмасы енді күресті негізінен қалам ұшымен жалғастырды. Сөйтіп қазақ тарихындағы азаттық үшін күрестің жаңа түрі мен кезеңі басталады. Ол өзі тәуелсіздік үшін күрестің стратегиясын 1929 жылы жазған «Біздің жол» атты мақаласында былай деп айқындаған еді: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түрістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды» [1, 32-33]. Бұдан кейінгі мұрат Түркістанда түрі жағынан да,

мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ, сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады деп атап көрсеткен болатын. Осыдан сегіз жыл кейін жазылған «Жауларымыз біздің қызметтеріміз туралы не айтады?» атты мақаласында «Бұл - біздің ұлттық мұратымыз, ұлттық арман-мүддеміз. Біз тек осы идея ғана үшін қызмет етеміз. Атамекеніміздің ішіндегі және сыртындағы барлық ұлттық күштерімізді осы идея төңірегінде топтастыруға барынша тырысамыз» деп жазды [7, 99].

Мұстафа Шоқай тәуелсіздік үшін күрестің тактикасын да нақты көрсете алды. Ол ұлттық жаудың тым күшті екенін, сондықтан большевиктер тепкісінде жатқан Түркістан ұлттық ұйымынсыз құтқару мүмкін еместігін түсінді. Ел ішіндегі кеңестік саясатқа қарсы әртүрлі бас көтерулерден хабардар Мұстафа Шоқай 1930 жылы жазған «Көтерілістен – ұйымшылдыққа» деген мақаласында өзара байланысы жоқ жергілікті сипаттағы бой көтерулермен атамекенді азат етуге болмайтындығын ескерте отырып, ол күшті бір саяси ұйымға бірігуді алға тартты. Сондай «Түркістан ұлттық бірлігі (ТҰБ)» атты ұйымның Орталық комитетінің алдымен мүшесі, кейін жетекшісі ретінде ол алда тұрған ең маңызды міндетті былай айқындап еді: «1) Түркістанды орыс пролетариаты үстемдігінен құтқару; 2) Түркістанда орыстың кез келген үстемдігінің орнауына жол бермеу; 3) Бәрінен бұрын ұлттық, тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру болып табылады» [1, 102]. Бұл әртарапта бытырап жүрген жас түркістандықтарды тәуелсіздік мұраттар жолындағы қасиетті күрес майданына топтастырудың бірден-бір жолы болатын.

Мұстафа Шоқай азаттық пен тәуелсіздікке бастайтын ең төте және ең қысқа жол – Түркістан ұлттық майданының ішкі бірлігін барынша нығайта отырып, оны ұлт-азаттығы үшін күрес жүргізіп жатқан басқа халықтардың күрес орталықтарымен тығыз үйлестіру қажеттігін, онсыз азаттық пен бостандық бос сөз болу мүмкін деп ескертті. Осы жолында Еділ-Орал, Қырым, Әзірбайжанда тұратындар бауырлармен қатар Кавказ халықтары, Украина және орыс казактарының тәуелсіз мемлекет құру жолына түскен бөлігімен ұйымдық тұрғыдан тығыз байланыстар орнату қажеттігін, бір орталыққа біріккен бірыңғай майдан құру керектігін де алға тартты. Осы бағытта «Достық комитеті» құрылып, онда Шоқай белсенді қызмет атқарды. Сонымен бірге 1928 жылы Варшавада Польшаның Бас штабы мен Сыртқы істерминистрлігінің Шығыс бөлімі эмигранттардың барлық топтарын біріктіру және КСРО-ға қарсы пайдалану туралы Ю.Пильсудскийдің алға қойған міндеттеріне байланысты құрылған "Прометей" (Ресейдінезгісіндегі халықтар лигасы) халықаралық ұйымында да қызмет атқарады. Бұл ұйымға Әзірбайжан, Дон, Карелия, Грузия, Волга бойы, Қырым, Кубань, Солтүстік Кавказ, Түркістан, Украинаның және басқалардың өкілдері кірген еді. 1934 жылы жазылған «Кавказия федерациялық келісімі» атты мақалада бұл ұйымға мынандай сенім көрсетілді: «Біздерге, Ресейден бөлініп өзіміздің тәуелсіз мемлекетімізді құру мақсатында күресіп келе жатқан халықтарға, Ресейге қарсы бағытталған ұлттық күресіміздің мүддесі тұрғысынан

карағанда Кавказ мәселесі айрықша маңызды. ...Біз бұл келісімді таяу болашақта өз рөлін толық атқарып, атамекенімізді орыс империализмінің бұғауынан құтқаруға көмектеседі деген үміттеміз» [1, 411]. Осы міндетті жүзеге асыру үшін саяси күрестің мынандай тамаша тактикасын ұсынады: «Орыс империализміне қарсы күрес майданындағылардың ұлтын, дінін, нәсілін, партиясын тергеп-тектемейік, алаламайық. Тек осындай жол ғана бізді ұлттық азаттыққа жеткізе алады... Бұдан басқа жолдардың барлығы алдамшы, тұйық» [7, 107]. Мұндай тәсілдерді таңдап алу да ұлттық талап-тілектердің толық жүзеге асырылуына көмектесетінін саяси күрес тәжірибесі талай рет дәлелдеген болатын.

Көреген саясаткер Мұстафа Шоқайдың 1930 жылғы «Түркістан ақындарынан» атты мақаласында айтылған «Біз құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлт азаттығымызды аламыз» деген асыл арманы араға алпыс жыл салып барып жүзеге асты. 1991 жылғы 16 желтоқсанда жарияланған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңда «Қазақстан Республикасы - тәуелсіз, демократиялық және хұқылық мемлекет. Ол өз территориясында өкімет билігін толық иеленеді, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп, жүргізеді» деген қағидалар тайға таңба басқандай айқын жазылды.

Мемлекетіміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі ХІХ ғасырдың 60-ыншы жылдары жазылған адамзат баласының азаттығы мен еркіндігі кез келген халықтың табиғи атрибуты санаған қазақтың тұңғыш ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың: «Халықтың қалыпты түрде өсуі үшін ол дамудың қандай деңгейінде тұрса да: өзіндік дамуы, өзін-өзі қорғауы, өзін-өзі басқаруы және өзіндік соты болуы қажет» деген сөзін еріксіз еске түсіреді [8, 103]. Алайда ол кезде мұны «тәуелсіздік» ұғымы деп түсінетін де, оны асқақ идея деп көтеретін де ешкім бола қойған жоқ. Мұны тұңғыш рет Алаштың жетекшілері әуелі патшалық отаршылдықтан, сонан соң кеңестік қыспақтан құтылудың, азаттыққа жетудің бірден-бір жолы деп ұғынды, азаттықтың туы етіп жоғары ұстады. Бірақ олар армандарына жете алмады. Тек арада 70 жылдай уақыт өткенде ғана патшалық Ресей кезіндегі отаршылдықтың ойраны мен кешегі кеңестік қыспақтың бар қиыншылығы иығына түскен, соңғы үш жүз жылдай аңсаған асыл арманы, қол созған қиялы болып келген халықтың азаттық таңы атты.

Тәуелсіздік жылдары халқымыздың қолы неге жетті дегенде ең бірінші ойға еліміздегі әлеуметтік тұтастық, ұлтаралық түсіністік оралады. Жаңа заманның алғашқы құжаттарының бірі – «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияда» Республикада тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет деп көрсетілгеніндей, халқымыздың бірлігі, көп этносты Қазақстанның ынтымағы бүгінгі күні күнделікті шындығымызға айналып, мемлекетіміздің, Елбасымыздың сара саясаты болып отыр. Сөйтіп кезінде ел ішіндегі бірлік пен ынтымақты нағыз тәуелсіздік пен азаттыққа апаратын және оны қорғап қала алатын төте жол деп ұғынған Мұстафа Шоқайдың да асыл арманы орындалды.

Қазіргі еліміздегі саяси саралануы да, әлеуметтік ахуалдың артуы да, экономиканың дамуы да осы парасатты пайымдылыққа тұрақты негізделіп келеді. Осының арқасында қазір Қазақстан әлемдік саясатта өзіндік орны бар мемлекетке айналды. Қазақ елін дүние жүзі таныды. Қазақ елі де өзін әлемге танытты.

Құдайға шүкір, Тәуелсіздіктің ширек ғасырына да жақындап келеміз. Қоғамдағы қазіргі дамуымыз көрсетіп отырғандай, елімізде түбегейлі конституциялық, саяси, демократиялық реформалар оп-оңай жүзеге асып жатқан жоқ. Жаңа қоғамдық институттар пайда болып, нарықтық қатынастар өмірге батыл еніп жатқанымен, тоталитарлық жүйеден демократиялық тәртіпке өту аса күрделі екенін өмір көрсетіп отыр. Сондықтан бүгінгі биіктен қарасақ, алда алар асулар да, шығар шыңдар да асқар.

Ең алдымен әңгіме мемлекеттілік хақында. Алаш ұлт-азаттық қозғалысының өзінен бұрын өткен осындай қоғамдық құбылыстардан басты артықшылығы ұлттық дербес мемлекет құруды өзінің басты міндеті етіп қоя алғанында болатын. Ұлттық еркіндік пен дамудың алғышарты болуға тиісті мұндай мемлекеттің қажеттігіне Мұстафа Шоқай кезінде қайта-қайта оралып отырған еді. Өйткені мемлекеттің ұлттық сипаты айқындалмай, мемлекет құрушы ұлттың мүддесі шешілмей, елдегі басқа халықтың мәселелері оң нәтиже бере алмайды. Бүгінгі мемлекеттік мәртебе берілген қазақ тілі, діл және дін саласындағы кейбір қиындықтар осымен тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация мен Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңда ұлттық мемлекеттікті сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қолданады деген біздің бүгінгіміз үшін де, келешегіміз үшін де қажет аса маңызды қағиданың орнына кейінгі кезде ресми құжаттарда «Қазақстан көп ұлтты мемлекет» немесе «Қазақстандық ұлт» деген сөз тіркестерін жиі қолданатын болдық. Сонда Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазақтың үлес салмағы аздау кезде ұлттық мемлекет, ал халқымыз қазақстандықтардың басым көпшілігі болғанда көп ұлттылыққа айналдық па? Мәселені бұлай айтуымыздың қағидатты мәні бар. Әлемдік тәжірибеде мемлекет құраушы ұлт 60 пайыздан асса, онда сол мемлекеттегі саясат мемлекет құраушы ұлттың мүддесі мен мұратына жұмыс істеуі қажет деген қағида бар.

Сонан соң «Тәуелсіздік» ұғымының мағынасына тереңдеп бара алмауымыз, ата-бабамыздың азаттық үшін ғасырлар күресіне тиісінше мән бермеу, қазіргі қол жеткен тағдырдың басты сыйын қастерлей, қадірлей білмеу азат санамыз бен ұлттық рухымызды жеткілікті қалыптаса алмағанын көрсетіп отыр. Осы орайда Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді», - деген сөзін айта кетсек артық болмас [7, 187].

Шынында да, ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие етумен бірге өз ұлтыңды шынайы тануға, өз халқыңның алдындағы өз борышыңды жоғары

сезіне түсуге көмектеседі. Ал ұлттық рух шынайы ұлтшылдық үдерісінде қалыптасатыны белгілі. Мұстафа Шоқайша, халқымыздың мәдени және рухани саладағы жетістіктерінің барлығы ұлтшылдық қозғалысқа тән. Түркістанда ұлттық өкіметтің үстемдігінен басқа ешбір күшті мойындамау негізіне құрылған осы ұлтшылдық идеясын: «Ол – халқымыздың жаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді» деп түсіндірген болатын [1, 62]. Өз халқына шын берілгендіктің, өз халқын шынайы сүюдің көрінісі ретіндегі ұлтшылдықтың мемлекеттік институтын да нығайта түсетін күдіретті күш екенін де ескерген жөн.

Мұстафа Шоқайеліне деген сарғайған шексіз сағынышын баса алмай, жат жерді мәңгілік мекен етті. Алайда ұлы тұлғаның асқақ арманы орындалды. Елінде тәуелсіздікке жеткен сүйікті халқы бар. Сол халқына мәңгі өлмейтін шығармаларының 12 томдық толық жинағы жетті. Бұл телегей-теңіз мол мұрасы тәуелсіз Қазақстанымыздың келешегін кемелдене түсеріне игі ықпал етері сөзсіз.

Бәкір Әбдіжәлел Мұстафа Шоқай және Тәуелсіздік // Егемен Қазақстан. - 2015. - 10 қазан.